

нің қуанышын, білімін бөлісе ала ма деген ой. Бұл жағдайда тәлімгер оқытушылардың, шығармашылық ұйымдардың, жас құрамына қарай құрылған студенттік топтардың күші әсер береді. Бұған ақпараттық, психологиялық, әлеуметтік және т.б. құрылымдарды жұмылдыруға болады. Олар ірі жоғары оқу орындары арасындағы мақсатты кешендерге-салалық, аймақтық кешендерге бірігіп, қоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың қолдауына сүйене отырып, кәсіби білім беру мекемелерінің топтарымен жұмыс істей алады.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. edu.gov.kz

2 Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері: Әдістемелік құрал /Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Ильясова, Б.Б. Масатова, А. Ж. Жанаев, В.О. Мұстафина, Г. А. Рау. – Астана: «Шикула и К» ЖШС, 2013.

3 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. edu.gov.kz

4 Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. М, 2001ж.

5 Богоявленская Д.Б. Творческая личность: ее диагностика и поддержка // Психологическая служба вуза: принципы, опыт работы. – М., 1993.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘНІ

Бисенғали М.Ғ.,

Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.

Дене тәрбиесіне арналған ойындар неше ықылым заманнан бері адамзат қауымымен бірге жасап келе жатқаны мәлім. Адамзат қауымының ілгерілеуіне үлкен үлес қосқан ежелгі: грек, рум, мысыр жұртының дене тәрбиесіне арналған жүйелі ойындары болған. Ал, Эминдер олимпиялық ойындар өткізіп, адам мүсінінің сұлулығын арттыруда дене тәрбиесінің зор роль атқаратындығына мән берген. Қазіргі уақытта біздің еліміздің территориясын мекендеген халықтардың ойындары, дене тәрбиесі жайында жазылған еңбектері тым тапшы, сондықтан да бүгінгі күні Қазақстан аталған республиканың жерінде тіршілік еткен халықтардың, соның ішінде, қазақ халқының дене тәрбиесі туралы пікір айту үшін біз алдымен фольклорға жүгіндік. Ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға көшіп келе жатқан адам тіршілігінің, күнделікті өмірінің сан-саласын қамтитын ауыз әдебиеті бабаларымыздың өздерін қоршаған орта, табиғат туралы сезімін, эстетикалық талғамын, туған жерге, елге деген патриотизмін, ата-ана, аға-іні, апа-қарындас, сүйген жарға деген махаббаты, сол заманның билеушілеріне деген көзқарасын, болашаққа деген тәтті арманын, қысқасы, олардың басынан кешкендерін түйсінулерін біздерге жеткізеді. Оны тұрғыдан қараған Ф. Энгельс: «... бұл, «көне заман» қандай жағдайлар да да келешектегі барлық ұрпақтар үшін өте қызғылықты заман болып қалмақ, неге десеңіз ол соңырақтағы неғұрлым жоғары дамудың негізін құрайды, неге десеңіз оның басталатын жері- адамның хайуанат дүниесінен бөлініп шыққан жері де, ал мазмұны болашақтың ынтымақтасқан адамдарына – ешуақытта кездеспейтін қиындықтарды жеңу» – дейді.

Аң алуан, құс ату, ұстау үшін адам үнемі шынығуға, күшін, ептілігін, мергендігін арттыруға мәжбүр болды. Олар бұл үшін түрлі қолайлы құралдарды ойлап шығарды. Көшпелілердің жабайы бұғыны ұстау үшін қарда шаңғыны, мұзда конькиді пайдаланғаны сөзсіз. Қостанай өңірінде біздің эрамызға дейінгі алғашқымың жылдықта өмір сүрген адамдардың тұрағынан табылған құралдарының арасынан сүйектен жасалған алты коньки мұны дәлелдеп отыр. Тарих ғылымының кандидаты А. Хазанов бұл конькиді жасауға жылқының алдыңғы тілдерсек сүйегі алынған деген пікір айтады, конькидің төменгі жағынан аяққа байлайтын жіп өткізетін тесік жасалынған. Мұндай сүйек конькилер Норвегияда он жетінші ғасырдың аяғына дейін қолданылып келді. Сөз жоқ Қостанай маңынан табылған алғашқы сүйек конькилер

аңшылық, тез жүру үшін қолданылған, сонымен қатар көшпелілер оларды мұз үстінде түрлі ойындар ойнауға да пайдалануы мүмкін ғой. Тіпті қазіргі хоккейге ұқсас әлдебір ойындардың болғандығына күмән келтіруге бола ма? Мұны да ата- бабаларымыздың дене тәрбиесіне бірі ретінде ескі жазбалардан, тастардағы суреттерден ізденуіміз керек. XIII ғасырда Қазақстан жерімен өткен белгілі саяхатшы ГильомРубруп түркі тайпаларының конькимен сырғанай тындығын көріп: «Олар аяқтарына егельген сүйектерді байлап алып, қатып қалған қармен мұз үстіндегідей сырғиды да тіпті құс пен аңдарды қуып жетіп ұстап алады» – деп жазған.

Түркі тайпалары шаңғымен де жүрген. Бұл сірә оларға көршілес тұратын славян және Сібір халықтарынан тараса керек. Бұл жөнінде көрнекті ғалым Н.Я. Бичурин: «Олар аяғына шаңғы байлап қолтығына таяқ қысып жүреді. Шаңғышы адам таяққа сүйеніп, жылыған сайын жүз адамдай алға кетеді» – дейді. Шаңғымен жүру түркі тектес халықтар арасында кең тарағанын қытайлардың оларды «ағаш атты түркілер» деп атағанынан да аңғаруға болады. Шаңғымен жүру тәсілі Рашид-ад-диннің шежіресінде суреттелген Славян, сақ, сармат тайпаларының дене тәрбиесі туралы жазылған пікірлері көп. Солардың арасында Е.Е. Тывашев: «... Сақтар жебені тек соғыста ғана емес, сонымен қатар аң аулауда да, күнделікті жаттығуларда да кеңінен пайдаланады» – деген. Қазақ деген сөздің біртін келе пайда болғанына қарамастан қазақ халы біздің елімізді мекендеген ежелгі тайпалардың ұрпағы деп айта аламыз. Себебі халқымыздың дәстүрлері, тәрбиесі, салт-санасы ауыз әдебиеті ертедегі сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың, қыпшақтардың тасы басқа тайпалар мен рулардың әдет – ғұрыптарымен, фольклорымен сабақтасып салаласып жатыр. 1851 жылы «Современник» журналында жарияланған «Ішкі немесе қырғыз – қайсақтардың Бөкей ордасы. Тарихи көзқарасы» деген очеркінде А. Еврейнов деген орыс журналисі қонақтарының құрметіне қырғыз – қайсақтардың домбыра тартып, өлең айтатынын, би билейтінін айта келіп «Жастар күш өнерін көрсетеді, күреседі, жаяу жарысады, белдесіп тартысады» – дейді. Кезінде дене тәрбиесін қоғамдық дамудың нәтижелі деп саликалы пікір айтқан орыстың ұлы демократы Николай Александрович Добролюбов неміс жерінде өрге басқан гимнастиканы жер – көкке тигізбей мақтап тіпті бұл Гермендықтардың «Нәсілдік» артықшылығы деп дәріптемек болған кейбір ғалымдарға былай деп күндете соққы берген еді. «Ертедегі гректердің дене тәрбиесін көзбен көруіне мүмкіншілігі болмаған адамдардың Германияда өркендеген гимнастиканы есі кетіп бас июі таңқалдырады /1/.

Бұл олардың қырғыз даласына немесе Башкирияға келе алмауының әсері. Қырғыз Башқұрт халықтарының жерінде әрқашан өтіп тұратын күрес, жаяу жарыс, сырыңқа өрмелеу өзіндік олимпиялық ойындар іспетті. Соның ішінде гимнастика ерекше дамыған» – деп жазды ол. Ұлттық ойындарды өркендету, барынша қолдау халық арасында дене тәрбиесін өрістетудің ең пәрменді: құралы деп есептеген ұлы ойшыл көшпелі халықтардың дене шынықтыруына осылайша өте жоғары баға берген болатын.

Біздер дене тәрбиесін қоғамның дамуынан бөлек алып қарамаймыз. Оған барлық өзекті құбылыстар – тұрмыстағы, мәдениеттегі экономикадағы, материалдық жағдайдағы өзгерістер тікелей әсер етеді. Соған байланысты қазақ халқының ұлттық спорт түрлері мен ойындары да жаңа мазмұн мен формаға ие болады. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлерін мен ойындарының шығу тегіне көз салып олардың дамуы, қалыптасуы туралы пікір айту үшін біз ауыз әдебиетіне соқпай өте алмаймыз.

Біздің алған объектіміз – қазақ халқының дене тәрбиесі де фольклорында кең орын алған. Онда кездесетін балуандар күресі, ат жарысы, батыр сайыс, мергендік, әпжілдік, аңшылық ат баптау сияқты тағы басқа өнерлер мен ақсүйек, асық, алтыбақан тәрізді түрлі ойындарды тек көңіл көтеруден туған ермек деп қараудан аулақпыз. Қазақ эпосының дені рулық қоғамның негізгі әлі мықты сақталған феодализм дәуірінде туған. Сондықтан да мұнда ол қорғау мәселелерімен қатар ру-ру арасындағы тартыстарды жиі ұшыратамыз. Бұл әсіресе оқиғасы махаббат әменгерлік құда түсу сияқты ұлттық дәстүрлер төңірегінде өрбитін лиро-эпостарда мол. Дегенмен барлық батырлар жарларында да жанкешті жекпе- жектер, жор-

туылдар мен жорықтар сөз болғандықтан бұлардағы қаһармандар күшті, алып болып келеді. Ал олардың серіктері - аты да жүзден озып жүлде алған тұлпар ретінде суреттеледі.

Қазақ эпосының ең көрнекіліктерінің бірі – «Қобыланды батыр». Мұны зерттеуге Сәкен Сейфуллин мен Мұхтар Әуезовтан бастап ғұлама ғалымдарымыздың қалам тартпағаны жоқ десек артық емес. Сондықтан жырдың мазмұны мен зерттеу тарихына тоқталмай осындағы дене тәрбиесінің көрінісі туралы әңгімелесек дейміз. Қандай да болмасын адамның әрекеті оның пайдалылығына көз жеткізгеннен кейін үйреншікті дағдыға айналады. Осы саналы түрде орындалатын дағдыны қазір жаттығу деп атап жүрміз мергендік, ептілік, күштілік, шабандоздық табысқа жеткізетінін, жауын жеңуге мүмкіндік беретінін күнде көзбен көріп жүрген адамдар жаттығуға аса мән берген. Осы өнерді үйрету үшін жас қабылданды әкесінің жылқысын бағып жатқан Естеміске барады.

Қобландыны барған соң,
Естеміс ерің баулыды.
Күнде киік аулайды,
Кездесе жауын жаулайды.
Жылқыда жатқан Қобыланды
Екпіні оттай қаулады.

Мұнда «баулыды» дегенді жаттықтырады, жауынгерлік, әскери және аңшылық шеберлікке үйрету деп түсінеміз. Мұның өзі жыр туған кезде қара қыпшақтардың жаттығуға жастарды әскери өнерге баулуға аса мән бергендігін дәлелдейді. Бұған қоса қазақтардың жаттықпай, белгілі бір дайындықтан өтпей тұрып өнер көрсетуге, дұшпанға аттануға асықпаған дей аламыз. Көшпелі халықтарда мергендік аса дәріптелген. Мергендік өнерінде ерекше көзге түскендерге жүлделер беріліп отырған. Тіпті мерген жігіттің хан қызына лайық жар болуы байлық, сұлулықтан да гөрі жауынгерліктің бірінші орында екендігін көрсетеді.

Дене тәрбиесінің маңызы мен ролыне зер салып жүрген ғалымдардың бірі Л.Я. Штернберг рулық қоғамдағы адам әртүрлі ойындарды оорындаған кезінде шеберлік көрсетсе, жауымен шайқасқанда да, жеңіске жетіп отырғаны мәлім.

Бұл эпос батырларының біржақты емес, дайындығы жан-жақты екендігін көрсетеді. Олар тек мерген ғана емес, шабандоз, балуан, әдісқой, айлакер, мысалы, бес қаруын асынған батырлар «қылыштары майысып, найзалары сынып аттары болдырғасын « жерге түсе қалып жаяу күресе кетеді.

«Қобыланды батыр» жырында дене тәрбиесі тек қана жауынгерлікке тәрбиелеу емес, сонымен қатар, мүсіннің ерекше сұлулығына жеткізетін ең бір тиімді әдіс екендігі айтылады. Мұндағы бір ерекшелік кейбір жырлардағыдай жас бала туа салып жауға аттанып ерлік жасауға асықпайды. Түрлі жаттығулар жасап, қаһармандыққа қажет күш пен батылдықты, ептілікті бойына жинай береді.

Келді бөкен үйіне
Үшке келген жас бала
Қара тасты көтерер
Естіген риза күшіне.

Әрине, «қара тасты көтерудің» адамның күшін арттырып мүсінін сомдайтыны белгілі. Қазақтардың шабандоздық, балуандық, мергендік сипатталатын жырлары көп жайлы айтыла бермейді. Негізінен бұл адамзаттың ең байырығы жаттығуларының бәрі Грециядағы Олимпия қаласының орнын қазғанда «Вывон мұны жалғыз қолымен көтереді» деген жазуы бар 144 кг тас гантельдің табылуы да осы пікірімізді дәлелдей түседі, демек «Қобыланды батыр» жанында тас көтерудің сөз болуына байланы етіп жаттығудың мұндай түрін біздің ата-бабаларымызда пайдаланған деп білеміз.

Қазақ халқында атасы баласын өзінің ең жақсы атына мінгізетін дәстүр бар. Қобыланды да осыны орындайды. Бөкенбайды Тайбұрылға мінгізеді. «Бұрылына мінген соң бөктеріп тасты жүргізеді» – деген жолдардан жауынгерлік дайындығы жан –жақта болуы үшін тек қана шабандоздықты меңгеру жеткіліксіз деп есептеп баласын шынықтыруға Қобыландының

өзі басшылық еткен. Әрине жыр туған уақытта қазақ сөзінде «физкультура», «спорт» деген терминдердің болмауы анық. Жаттығу сөзі де тіл қорымызда кейін пайда болса керек.

Сондықтан да бұл анықтамалардың барлығы бұрын бір ғана ойын сөзімен айтылған. Ойын жас баланың нағыз ер жігіт болып өсуіне әсер етеді. Соның арқасында ол айбатынан жұрт сескенген қаһарлы жауынгер болып қалыптасады.

Ат үстінен еңкейіп
Тас көтеріп өңгеріп
Кереметін көргізді.

Себебі тасты өңгеру жаттығудың жауынгерлік бір түрі болса керек. Жалпы көкпар ойыны екі жүз жылдай уақытқа созылған қазақ – қалмақ қақтығыстарының кезінде пайда болуы да мүмкін. Себебі қазақ эпосында, соның ішінде «Алпамыс батырда» көкпарға адам тарту да ұшырасады. Ұлтан құл Алпамыстың жалғыз ұлы Жәдігерді көкпарға тартуды бұйырады. Біз көкпар ойынын шапқыншылықтар кезінде аттылының жаяу адамды іліп алып кетуінен, оны құтқаруға ұмтылған қуғыншылардың жаушының алдына өңгерілген жауынгерді тартуынан барып туса керек. Міне осыдан кейін барып көкпарға мая, тартылған. Қазір де көкпар туралы екі удай пікір бар. Бір пікірді жақтаушылар тулап яғни көкпаршылар тартатын спорт құралын жасау керек дейді, екіншілер қой-ешкі, қозы-лақты тарту жағында, соңғысының адамды қатыгездікке тәрбиелейтіні белгілі, мәдениетті оқыған жандарға бұл дөрекі болып көрінуі де мүмкін. Әрине ер – тоқымды, аттың садырын көкпаршының қолын қанға бояудың ешқандай көркемдікке сыймайтыны, эстетикалық ләззат әкелмейтіні белгілі. Сондықтан да көкпар ойынында тұлыпты немесе басқа құрал – жабдықты пайдалануды дұрыс деп табамыз /2/.

Қазақтың тұрмыс сал жырларында ас беруге байланысты оқиғалар өте көп. Сондықтан да осы ғрыпқа тереңірек тоқталып кетелік. Белгілі адамның асын беру бірнеше ай немесе бір жыл бұрын жарияға жар салынып әйгілі етіледі, уақыты ас болаын жер белгіленіп, алыс – жақындағы ағанын түгел шақырылып хабар жіберілген. Осындай астар кезінде ұлттық ойындардың барлық түрлері бойынша бәсекелер өтетін болған Атсейістер аттарын баптап, мергендер садақтарын жөндеп, мылтықтарын майлап, балуандар әдіс – айлаларын асыра жаттығуға кіріскен. Дәл осылай алдын –ала хабарлау Грецияда кезекті олимпиялық ойындарға дайындау кезінде жүргізілген. Онда хабар таратушыларды, чемпиондықтар деп атаған. Қазақтар жәй ғана хабар таратушы хабаршы деген. Егер ас беруді біздің елде ислам діні тарамай тұрғанда пайда болған деп топшыласақ, онда осы ғұрыптағы ұлттық ойындар өткізу дәстүрі гректердегі олимпиялық ойындармен сабақтас.

Ал ертедегі гректерде олимпиялық ойындардың ұлттық конгресс, слет іспетті өтетінін ескерсек қазақ билері де ас үстінде жер – су, жесір құн дауын шешіп отырған, ақындар шаршы топқа түсіп өнер көрсеткен, айтысқан.

Дене тәрбиесі қазақ ертегілерінде де елеул орын алған «Ер Төстік» қазақ ертегілерінің ішінде ең қызықтысы Ер Төстік терім ханның еліне бара жатып өзіне жолдастар табады. Олардың бірі- сауысканның құйрығын білдірмей жұлып алатын епті, екіншісі- жел-аяқ, үшіншісі-Саққұлақ, төртіншісі-Таусоғар, бесінші – Көлтаусар, алтыншысы- Қырағы. Уәде бойынша өнер сынына түседі. Бәйгеде Шалқұйрық озады. Күресте Таусоғар жығады. Жаяу жарыста Желаяқ озады. Денесі жан-жақты жетілген, шыныққан адамдар еш нәрседен де адамзат тіршілігінің барлық саласын жан –жақты қамтиды. Оғын үңіле қараған сайын небір кемеңгер ойларды бірнеше сөзбен ғана өте дәл берген ғажайып мұраларымыздың бірі екенін көреміз. Көңілге ерекше қонымды әрі ұтымды мақал – мәтелдерде ұлттық ойындары, адамның Отан сүйгіштік, күш, ерлік, ептілік сияқты көптеген әз қасиеттер кеңінен сөз болады. «Ер – қанаты – ат» дегендей тұлпарлар туралы мақал – мәтелдер бір төбе.

Халық қандай табысқа қолың жетпесін ол талаптың арқасында дейді. Мұны «Жан қинамай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деп түсіндіреді. «Алыспақ бар, атыспақ жоқ» деген мақалдан спорттық ойындардың ел, рулар арасында татулыққа достыққа шақырып тұрғандығы белгілі. Сонымен қатар өнереге ерте бастан машықтануға да халық аса зор

мән берген. «Өнерлі өрге жүзеді», «Балам өсті дегенше, батыр өсті десейші», «Батыр өнер білмесе, қапыл өсті десейші», – дейді. Батырлық өнерге күш, мергендік, батылдық, шабандоздық т.б. жататындығы белгілі.

Сонымен қатар коллектившілдік, бірліктен мақал-мәтелдердегі ең үлкен өзекті мәселелердің бірі. Ал, көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық спорт түрлері мен ақсүйек, алтыбақан, хан, соқыртеке тәрізді ойындарда коллектившілдіктің ұтуға, жеңіске жеткізетіндігі белгілі. Сонымен қатар гигиена мәселесі де мақал – мәтелдерде сөз болады. Халқымыз «Әуелі байлық – денсаулық», «Тазалық – саулық, саулық – байлық негізі» деп бекер айтпаған жалпы алғанда қазақтың мақал – мәтелдерінде дене тәрбиесі әр қырынан, жан-жақты орын алады деп айта аламыз /3/.

Қазақ фольклорындағы дене тәрбиесі, ұлттық ойындары және олардың мәні туралы сөз ете келе мынадай қорытынды шығаруға болады.

1. Дене тәрбиесі адамзат еңбегінің процесінде өмір сүруге көмектесетін саналы әрекет ретінде пайда болған. Күшті епті төзімді адамдар қай кезде болмасын өмір жолында кездескен қиыншылықтарды оңай жеңіп отырған. Міне осыдан келіп жаттығу жүйесі, спорттық ойындар қалыптасқан. Спорттық ойындардың басты мақсаты адамның бойындағы күнделікті тұрмысқа қажетті қасиеттерді дамыту.

2. Дене тәрбиесі қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес бірте-бірте күрделеніп, өсіп - өрбіп отырған. Оған әр халықтың тұрмыс дәстүрі, әдеп – ғұрпы айналысатын ісі, бас кешкен оқиғалары әсер еткен. Осыдан келіп ұлттық спорт ойындары шыққан. Ұлан байтақ даланы мекендеген қазақ халқы көкпар, бәйге, сайыс, аударыспақ, күрес, жаяу жарыс тәрізді ұлт ойындарын дамытқан. Формасы бөлек болғанымен бұл спорт ойындары да жалпы дене тәрбиесінің алдына қойған жауынгерлік тағы басқа өмірге қажетті қасиеттерді дамытуды мақсат еткен.

3. Дене тәрбиесі халыққа эстетикалық тәрбие беріп адамды жан – жақты дамытуды зор роль атқарған. Сонымен қатар, жас ұрпақты сұлулыққа баулуда да дене тәрбиесінің алатын орны зор.

Қазақ, ауыз әдебиетінің ғасырлар қойнауынан сүрінбей өтіп, өзінің үрдіс дәстүрін сақтаған айрықша саласы – балалардың ойын фольклоры. Рухани мұрамыздың өзге түрлері сияқты оның да ұзақ даму тарихы, толымды арнасы, әркез қоғамда атқарып келе жатқан қызметі бар. Ұрпағын ойламайтын халық болмайды онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ. Ойын фольклорының өмірі мен қызметі де оның ең алдымен жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісімен байланысты болуында. Демек, халықтың эстетикасы мен этикасы, педагогикасы мен психологиясының, әдет – ғұрпы мен наным – сенімдерінің шаруашылығы мен кәсібінің шоғырланған көрнісі балалардың ойын-сауық жырларында жатыр десек асыра айтқандық емес.

Әрбір қоғамның балаларға жасап отырған қамқорлығына, жеткіншек ұрпаққа деген көзқарасына қарап сол қоғамның болмыс- бітімін, гуманистік бағыт – бағдарын байқауға болады. Түптеп келгенде, ұлттық қасиет пен дәстүрдің қалайша жалғастық табуы да сол қоғамның ұрпаққа деген мәселесіне байланысты /4/.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Сағындықов Е Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Рауан», 1993.
- 2 Төтентаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Қайнар», 1994.
- 3 Ұлт тағылымы. – 2000. – № 6.
- 4 Ахметов С. Қуыр-Қуыр қуырмаш. – Алматы: «Өнер», 1993.